

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ОҚУ-АҒАРТУ  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
ПРОСВЕЩЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, «Министрліктер Үйі»  
тел.: (7172) 74-24-28, (7172) 74-24-16

010000, город Астана, «Дом министерства»  
тел.: (7172) 74-24-28, (7172) 74-24-16

№

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат  
министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Туризм және спорт министрлігі

Ведомстволық бағынысты білім  
беру ұйымдарының

Облыстардың, Астана, Алматы,  
Шымкент қалаларының  
Білім басқармалары

Қазіргі уақытта «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізілуде (бұдан әрі – Бұйрық жобасы). Қазіргі уақытта Бұйрық жобасы мемлекеттік органдармен және ұйымдармен келісуде.

Осыған байланысты педагогтерді аттестаттауды 2023 жылы (қыркүйек-желтоқсан) тоқтата тұру қажет. Педагогтердің білімін бағалау 2024 жылдың қаңтар-маусымына ауыстырылады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары және ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына ағымдағы аттестаттау кезеңінде (қыркүйек-желтоқсан) аттестаттауға жататын

педагогтер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуі қажет. Сондай-ақ, қолданылу мерзімі 2023 жылғы желтоқсанда аяқталатын педагогтердің, білім беру ұйымдары басшыларының, басшылар орынбасарларының қолданыстағы біліктілік санаттарын келесі аттестаттау кезеңіне (2024 жылғы қаңтар-маусым) дейін ұзарту қажет.

Білім беру ұйымдарына жұмысқа орналасу үшін сертификаттау кезеңі қосымша хабарланатын болады.

Бұдан басқа, «Білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаттарын беру (растау) туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 25 қыркүйектегі № 297 бұйрығына сәйкес «педагог – шебер» біліктілік санатына үміткер педагогтер бойынша Оқу-ағарту министрлігінің аттестаттау комиссиясының шешімі бекітілді (№297 бұйрық электрондық пошта арқылы жіберілді).

«Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді» деген шешім қабылданған педагогтер бойынша қолда бар біліктілік санаттары келесі аттестаттау кезеңіне (қаңтар-маусым) дейін сақталатынын түсіндіреміз.

Келесі аттестаттау кезеңінде педагог аттестаттау рәсімінен қайта өтеді. Еңбек ақы қолда бар біліктілік санаты бойынша келесі аттестаттау кезеңіне дейін (2024 жылғы қаңтар-маусым) жүргізіледі.

Сонымен қатар, жергілікті жерлерде педагогтерді аттестаттау мәселелерін уақтылы шешу, сондай-ақ Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарының іске асырылуын бақылауды күшейту мақсатында осы мәселе бойынша білім басқармаларының кадр қызметтерінің жауапты мемлекеттік қызметшілерін айқындауды ұсынамыз.

**Қазақстан Республикасы**  
**Оқу-ағарту**  
**Бірінші вице-министрі**

**Н. Жумадильдаева**

С. Базарбаева  
742726